

**ХАТТАМА № 3**  
Педагогикалық кеңес

« 04 » қаңтар 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны – 27

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

**Күн тәртібінде:**

1. I ж/ж оқу сапасының талдауы
2. "Патриоттық тәрбие" жоспарын іске асыру жағдайы.
3. "МЖМБС аясында Заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби табыстылығын қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру. Білім алушыларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда көптілділік арқылы білім беру процесінің сапасын арттыру»
4. «2021 - 2022 оқу жылындағы II тоқсанның қорытындысы тәрбие, оқу.
5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайында оқушыларды тәрбиелеу жүйесіндегі
6. Әр түрлі сұрақтар. Кітапханашының I жарты жылдық есебі

Шағын орталықтың жұмыс есебі I жарты жылдық

Бірінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова Бейсекеева тыңдалды: 2021-2022 оқу жылында мектепте 110 оқушы (мектепдаярлық тобында 7 бала).

Қазақ және орыс сыныптарында жекелеген сынып бойынша келетін болсақ :

сыныптар	Сапасы	үлгерімі
1 а сынып	-	-
1 б сынып	-	-
2 а сынып	80%	100%
2 б сынып	86%	100%
3 а сынып	33%	100%
4 а сынып	50%	100%
4 б сынып	33%	100%
5 а сынып	16%	100%
5 б сынып	60%	100%
6 а сынып	50%	100%
7 а сынып	56%	100%
7 б сынып	25%	100%
8 а сынып	75%	100%
9 а сынып	25%	100%
10 а сынып	33%	100%

11 а сынып	33%	100%
Мектеп бойынша	40%	100%

Саты бойынша айтатын болсақ:

сынып	Оқушы саны	Оқу үздіктер	Оқу екпінділер	сапасы	үлгерімі
1-4 сынып	45	4	12	36%	100%
5-9 сынып	56	3	22	45%	100%
10-11 сынып	27	-	3	33%	100%
Мектеп бойынша	110	7	37	40%	100%

Мектепте 7 оқу үздігі, 37 оқу екпінділер, мектеп бойынша білім сапасы: 40 пайызды құрайды. (қосымшада көрсетілген) Тыңдалды: Әр сынып жетекші өзінің сыныбы туралы ақпаратты айтып өтті. Сынып жетекшілер тыңдалды. І-токсанның қорытындысы туралы айтып өтті. Әр жазба жұмыстарының сараптамасы көрсетілді. Әр сыныпта оқу жылдамдығының қорытындысы айтылды. Оқушылардың мәнерлі, сапалы оқуына көңіл бөлуіне пікір алысты. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара қосымша сабақтар өткізу ұйғарылды.

Мектеп бойынша бір «4» бар оқушылар:

сынып	Оқушының аты-жөні	Пән, пән мұғалімі
3 «А»	Бибихан Нұралы	Орыс тілі (Қуц Е.А)
5 «Б»	Сахапов Алмаз	Жаратылыстану (Жакупова Н.Р)
8 «А»	Бакболат Гауһар	Физика (Төленді И.Н)

Мектеп бойынша бір «3» бар оқушылар:

сынып	Оқушының аты-жөні	Пән
4 «Б»	Пугалов Кирилл	Қазақ тілі (Молдагайсина Н.О)
6 «А»	Турсунова Аружан	Математика (Смагулова М.Ш)

Пән бойынша сапалары айтылып, салыстыру жүйесінде қарастырылды.

Екінші сұрақ бойынша «Патриоттық тәрбие» жоспарын іске асыру жағдайы туралы АӨДТ мұғалімі Хадылет Онербек тыңдалды. «Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы»

Бүгінгі таңда оқушылардың Отанға, туган жеріне, өзін қоршаған ортасына деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесі заман талабы болып тұр, сондықтан жеке тұлғаның өз елін құрметтеуі отбасынан, мектептен басталатыны баршамызға аян. Отбасынан бастау алатын патриоттық тәрбие негізін мектепте жан-жақты дамыту, әр ұстаздың міндеті екендігіне көз жеткізу. Өздеріңізге өз тажірибемнен «Оқушыларға патриоттық тәрбие берудегің маңыздылығы»

тақырыбындағы жүргізілген жұмыстар туралы айтайын, жетекшілікті атқару кезіндегі жүргізілген жұмыстарымды, әрекеттерімді пай

дасы тиер деген мақсатта жазып отырмын. Патриоттық тәрбиетүйінді мәселелері көп, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, көп ізденуді талап ететін үрдіс деп баға бергім келеді. Патриоттық тәрбие беру бағытындағы

жүргізілетін жұмыстың түрлерін шығармашылықпен түрлендіріп, дамыта отыра пайдалану өз нәтижесін берді. «Жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік-патриотизм рухында тәрбиелеу» деген тақырыптың ауқымында дөңгелек стол, пікір алысу, сауалнама өткізсем, болашақта мұнан да мазмұнды жұмыстармен толығады деп ойлаймын. Сабақта патриотизм өз халқына деген сүйіспеншілік, өзінің шыққан тегінің бірлігі мен ортақтылығы, туған жеріне, тіліне, өскен ортасына, мінез-күлқына, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктеріне тән ерекше тарихи ұлттық дәстүрмен тығыз байланыстылығына ашық сабақтармен тәрбиелік маңызы бар іс-

шаралар жүргізу арқылы көңіл бөлемін. Ұлттық сезімдерді патриотизм арнасына, Отанға, ұлтқа деген сүйіспеншілік рухына дұрыс бағыттау үшін бұл ерекшеліктерді жақсы білу және оларды міндетті түрде бала санасына сіңіре білу қажет. Назарларыңызға ұсынылған тақырыптағы мәселелер бойынша бүгінгі таңдағы бала тәрбиесіндегі патриоттық тәрбиенің алатын орнына ерекше мән берілді деп есептеймін. Мектепте тәрбиенің белгілі бір мақсаты болмаса, онда жүйелі жұмыс жүргізу мүмкін емес. Тәрбие жүйесінің негізгі қозғаушы күші - класс жетекшісі және ата-ана. Бала өмірінде еліктеудің маңызын аша келіп «үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады» сондықтан тәрбиенің басты мақсатының бірі «жегілін, өсіп келе жатқан баланың балдырған табиғатына азық беру, әуес қылған нәрсесін тәжірибе еткізу» деп ойлаймын. Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды: "МЖМБС аясында Заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби табыстылығын қамтамасыз ететін білім беру кеңістігін құру. Білім алушыларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда көптілділік арқылы білім беру процесінің сапасын арттыру»

Біздің елімізде қазіргі кезде білім берудің ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі – оқытудың дәстүрлі түрінен жаңа педагогикалық технологияларға ауысу. Бұл үрдіс жаңа білім парадигмасының қалыптасуына әкеледі. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алуарқылы дамуын қоятынын баршамыз да түсіндік. "Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен айқындалады. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет". Қазір біздер оқытудың жаңа технологияларын меңгеру, білім беруді ақпараттандыру, әлемдік коммуникациялық желілерге қосылу арқылы оқыту мазмұнын жаңарту дамыз.

Білім беру мазмұнындағы өзгеріс мұғалім мен оқушының іс-әрекетінен бастау алады. Бүгінде мұғалімнің негізгі функциясы өзгерді: ол ақпарат таратушыдан менеджерге айналды. Білім берудің жаңа жүйесінде мұғалім үшін басты міндет – оқыту процесін басқару.

Қазіргі заманғы жағдайларда жұмыс істеу үшін оқытушы не білуге тиіс? Келесі бес құрал педагогтың бес қаруы десе де болады:

1. Менеджмент ғылымы (басқару ғылымы);
2. Психология (білім беру – оқыту және тәрбиелеу процесін психологияландыру жүріп жатыр); Егер біз оқушының субъектісін, жеке тұлғасын нысаналасак, біз оны жақсы білуге тиісіміз;
3. Экономика (экономиканың қажеттіліктерін білу: мектепке қандай адам даярлау керек екенін білу);
4. Информатика (дербес компьютерді пайдалану);
5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны сабақта кеңінен қолдану (Интернет желісін пайдалана және іздей білу, электронды оқулықтарды қолдану, флипчарттарды игеру).

Қорыта келгенде, заманауи технологиялардың көмегімен оқушылардың білімін жетілдіру мен оқу сапасын арттыруға болады. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп. Қазақ мектептерінің білім деңгейін көтеру және онда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үдерісін тиісті деңгейге көтеру педагогикалық ұжымның жүйелі жұмыстарының нәтижесінде ғана жүзеге аспак.

Төртінші сұрақ бойынша А.Жаксыбаева тыңдалды: Мектептің 2021-2022 оқу жылындағы I жартыжылдықтың тәрбие жұмысы туралы айтылды. Тыңғылықты жұмыстар істелінген,оның бәрі орындалғаны туралы айтылды. Жоспарға сай барлық жұмыстар оң нәтижесін берді.

Төртінші сұрақ бойынша «Рухани жаңғыру»бағдарламасын іске асыру жағдайында оқушыларды тәрбиелеу жүйесі туралы мектеп тәлімгері Жұмабай Баршагүл тыңдалды.

Әр алуан сұрақтар:

А) мектеп кітапханашысы А.Оспанова тыңдалды: «Кітапханашының I жартыжылдық есебі туралы» 2021-2022 оқу жылына мектеп кітапханасының жұмыс жоспары сәйкес.Білім беру ұйымындағы кітапхана – мектептің білім беру саласындағы мәдени, ақпараттық, ағартушылық және тәрбиелеу орталығы болуы керек.

Кітапхананың басты мақсаты:

1. кітаппен жұмыс үдерісінде балаларды азаматтық сезімге тәрбиелеу, рухани-шығармашылық ұстанымдарын ашу;
2. оқушылардың оқу және оқу мәдениетін қолдау;
3. оқушыларды оқуға тарту;
4. кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту;

Кітапхананың басты міндеттері:

1. педагогтар мен оқушылардың өзіндік білімдерін ныңдау мен оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық-құжаттық қолдауды қамтамасыз ету;

2. оқушыларда ақпараттық мәдени және оқу мәдениетін қалыптастыру;
3. оқуға деген уәждеме мен кітапқа деген құрметке тәрбиелеу;
4. оқушыларда тұлғаның өздігінен дауын, өзін-өзі ұстау мәдениетін, адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі әдебиеттерді насихаттауға назар аударуды күшейту;
5. ақпараттық-кітапханалық, кітапханалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
6. ұлтжандылық, табиғатты сүйу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға әсер ету.

Кітапхана жұмысының басты бағыттары:

- кітапханадан ақпарат алуға педагогтарға, оқушыларға, олардың ата-аналарына әдістемелік көмек беру.
- білім берудің жаңа құралдары туралы педагогикалық және әдістемелік әдебиеттер туралы ақпарат алуға мұғалімдер үшін жағдай жасау.
- кітап оқу, баспаларды қарау, компьютерлік бағдарламалармен жұмыста мұғалімдер мен оқушыларға жағдай жасау.
- қордың жинақталуы мен сақталуын қамтамасыз ету.

Ә) шағын орталық тәрбиешісі Бейсекеева Д.И тыңдалды: шағын орталықта 2 топ жұмыс істейді. Барлығы 25 бала тәрбиеленуде. Сағат 9:00ден 12:00ге дейін. 1 кіші (2-3 жас) тобы мен ортаңғы (4-5 жас) тобы бар.

2-жасар- 6, 3- жасар- 10, 4-жасар-9, 5-жасар-2

13-ұл бала, 12-қыз бала бар.

Шағын-орталықты ұйымдастырудың мақсаты- мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуы және олардың ата-аналарынан кеңестік-әдістемелік қолдау;

Шағын- орталықтың негізгі міндеттері:

1. балалардың денсаулығын қорғау;
2. Балаларды ерте жастан әлеуметтендіруді қамтамасыз ету
3. Әр баланың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, балалардың ақыл- ой, адамгершілік, дене бітімі, эстетикалық, эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамыту.
4. Балаларды күтуді, қарауды ұйымдастыру.
5. Ата- аналарға педагогикалық- психологиялық кеңес беру.

Мектепке дейінгі шағын- орталық 2-5 жас аралығында дамытушы орталық негізінде құрылды. Шағын- орталық аптасына 5 күн, сағат 9:00- дан 12:00-ге дейін жұмыс істейді. Әр айдың соңғы күні санитарлық күн. Шағын-орталық Мемлекеттік стандартқа сәйкес жаңа жиһаздармен, ойыншықтармен, бұйымдармен жабдықталған. Күн тәртібі тәрбиеленушілердің психологиялық және жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылған. Сабақ оқыту, қылдыру, ойнату- балалардың жақсы дамуына әсер етеді.

Топтарда табиғат бұрышы, көркемдік- эстетикалық, ойлау, сөйлеу орталықтары безендірілген.

Тәрбиеші топтарда жайлы жағдай жасауға тырысады. Оқу жылының басында шағын- орталықтың жылдық жұмыс жоспары құрылды. Онда педагогтардың педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-

шаралар, ашық сабақтар, педагогикалық кеңестер жазылған. Оқыту процесінде тәрбиелеушілер балаларды Туған елдің табиғатымен, үлкендердің еңбегімен, еліміздің маңызды күндерімен таныстырады, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Тәрбиеші төмендегі көрсетілген міндеттері бойынша жұмыс істейді:

1. Баланың денсаулығы мен психологиялық жағдайын жасау.
2. Танымдыққа білетін дамыту.
3. Шығармашылық қабілетін дамыту.
4. Шығармашылық қиялын дамыту.

Оқу жылының басында шағын- орталықтың жылдық жұмыс жоспары құрылды. Әр тақырыпта ойындар, еңбек туралы, кейбір тақырыптарда мерекелер бар. Тәрбиеленушілерді отаншылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыс олардың физикалық тәрбиесімен байланысады (денсаулықтарына).

Тәрбиелеушілердің жүйелі жұмыс істеулерінің арқасында балдырғандар ұйымшылдыққа үйренуде, оқу қызметінің дағдылырын меңгеріп, бағдарламаларды игеруде.

#### **Шешім:**

1. Әрбір пән бойынша білім сапасының көрсеткіші мен орта балл деңгейін жоғарылату пән мұғалімдерінен сұралынсын, мектептің білім сапасын жоғарлату мақсатында қосымша сабақтар өткізілсін.
2. 2021-2022 оқу жылының I жарты жылдықта атқарылған жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.
4. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын. (үнемі)
5. Олқылықтармен жұмыс ары қарай жалғастырылсын. Пән мұғалімдері әр оқушымен жеке дара жұмысты қамтамасыз етсін. (үнемі ата-анамен тығыз қарым – қатынаста болу сынып жетекшілер мен пән мұғалімдер). Оқуға қызығушылығы төмен оқушылармен қосымша сабақтар кестесін құрып ұйымдастырылсын.

Хатшы  Н. Моллағайева

